

А.К. Бакытжанова*¹ , С.Ж. Жанжигитов² 
¹ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана, Қазақстан
²А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
(E-mail: altyn051275@gmail.com, syrymphd@gmail.com)

Лингвомәдени білім мен деректерді лингвистикалық зерттеулер және филологтарды оқыту барысында қолдану

Аңдатпа. Мақала лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректерді лингвистикалық зерттеулер жүргізу және болашақ филологтарды (лингвист-педагогтер мен лингвист-зерттеушілерді) оқыту барысында ескерілетін маңызды қағидаттар мен міндеттерді зерделеуге, лингвомәдениеттану ғылымының маңызды категорияларын лингвомәдени білім ретінде қалыптастыру қажеттілігін негізгі тұжырымдар ретінде ұсынуға арналады. Мақаланың тұжырымдары қазіргі кәсіби білім беру және лингвистикалық білім беру салалары үшін маңызды, себебі болашақ тілшілерді (педагогтер мен зерттеушілерді) танымдық-аксиологиялық білім беру мазмұнында дайындауға бағдарлайды.

Мақаланың *басты мақсаты* – болашақ филологтарды (тілшілерді) педагогикалық қызметке және лингвистикалық зерттеулерге кәсіби дайындау барысында лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректердің қолданылу қағидаттарын және аксиологиялық мәнін ашып, лингвомәдениеттану ғылымының осы бағыттағы категорияларын зерделеу. Ол үшін келесі *зерттеу міндеттері* алға тартылды: «лингвомәдениеттану» ұғымын ғылыми тұрғыдан нақтылау; лингвомәдениеттану ғылымының негізгі тұжырымдарын, қағидаттарын талдау, сипаттау және бағалау; лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректер туралы тұжырым қалыптастыру; тіл мен мәдениет мәселесіне қатысты негізгі категориялар мен бірліктерді топтастыру, типологиялық талдау жасау; болашақ филологтарға (тілшілерге) кәсіби лингвистикалық білім беруде басшылыққа алынатын педагогикалық және лингводидактикалық міндеттердің байланысын айқындау; лингвомәдени білімнің құндылығы мен мәнін анықтау; болашақ филологтарды оқыту үдерісінде қалыптастыруға қажет лингвомәдени құзыреттіліктер мазмұнын сипаттау.

Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру үшін келесі *әдіс-тәсілдер* қолданылды – теориялық тұжырымдар қалыптастыру үшін шолу, сипаттау, талдау, сұрыптау, жүйелеу, топтастыру, талқылау, болжау, салыстыру, дәйектеу сияқты жалпы ғылыми әдістер кеңінен қолданылды. Лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректерді зерделеу үшін лингвистикалық зерттеу әдістері қолданылды, олар – типологиялық әдіс, семантикалық әдіс, лингвокогнитологиялық талдау, модельдеу.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, лингвистикалық білім, лингвистикалық зерттеу, тіл мен мәдениет, тілді оқыту.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-263-272>

Түсті: 26.02.2024; Жөнделді: 18.04.2024 Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Қазіргі лингвистикада әр түрлі ғылымдар саласында объект назары адам болып табылатын жаңа ғылыми гипотезалар мен теориялар қалыптасып, тілдік зерттеулер антропоцентристік парадигма бағытында жұмыс істеуде. Яғни, өткен ғасырдың соңындағы жүйелік-құрылымдық зерттеулер үстемдік еткен парадигманың орнына антропоцентристік, функционалдық, танымдық және динамикалық, адамның мәртебесі қайтарылатын «барлық заттардың өлшемі» парадигмасы келді. *Антропоцентристік парадигма* – зерттеуші қызығушылығының таным объектісінен субъектіге ауысуын, яғни тілдегі адам мен адамды тілде талдап, жіктейді. Антропоцентристік парадигмадағы негізгі концептуалды зерттеулер әсіресе лингвомәдениеттанудың шеңберінде белсенді түрде жүргізілуде.

Жалпы соңғы он жылдықта ғылым саласында негізгі жаңалықтар шекаралық облыстарда шектес ғылымдарда белгіленген. Соған байланысты лингвомәдениеттану ғылымының *лингвистикалық семантика, когнитивті лингвистика, лингвоелтану, этнолингвистика* салаларымен байланысын, арақатынасын, өзара әсерлерін талдауға арналған осы жұмысымыз өзекті болып табылады.

2010-ншы жылдан бері қарай қазақстандық тіл ғылымында *лингвомәдениеттану* термині және осы ғылыми салада орындалатын зерттеулер көбейді – осы жылдар аралығында қорғалған докторлық (PhD) диссертациялық жұмыстарды, жарияланған ғылыми еңбектерді келтіруге болады [1-4].

Лингвомәдениеттану ғылымының білім мазмұны мен лингвомәдени деректері тілді оқыту, тіларалық байланыстар және мәдениаралық қатынастар жүргізу, аударма қызметін жүзеге асыру, лингвистикалық зерттеулер жүргізу барысында құнды мағлұмат ретінде қолданылуымен қатар, аталып отырған салалардағы нысандардың аксиологиялық мәнін қалыптастырып, сонымен бірге осы нысандармен байланысты оқыту мен зерделеу үдерістеріне деген танымдық қызығушылықты арттырады. Ал лингвистикалық зерттеулер *лингвомәдени деректер* негізінде қолданбалы саласының ғылыми деңгейін жоғарылатып, тәжірибелік (эксперименттік) талдаулар жүргізуге мүмкіндіктер туғызады, яғни гуманитарлық салаға жататын тілдік ізденістер практикалық мәні зор зерттеулерге толығады; бұл сала тіл ғылымында тәжірибелік мәндегі әдістемені қалыптастырып, тіл – тіл үшін емес, тілдік тұлғаларды мәдени-танымдық, әлеуметтік-мәдени қауымдастықтардың өкілі ретінде зерделеуге бағыттайды.

Әдіснама

Бұл зерттеуде қарастырылып отырған мәселенің филология бағытында кәсіби білім алатын болашақ лингвист-педагогтер мен лингвист-зерттеушілер үшін ғылыми-әдістемелік, тұжырымдық мәні зор. Осы мақсатта зерттеу материалдары ретінде осыған дейін лингвомәдениеттану бойынша жарыққа шыққан ғылыми еңбектер, ғылыми негізделген теориялық тұжырымдар талданып, оларға назарға алынып отырған тақырып тұрғысынан баға берілді.

Сонымен бірге зерттеу материалдары ретінде *лингвомәдениеттануды* және *лингвомәдени білім мазмұнына* йқандайтын негізгі категориялары, мысалы, *мәдениет моделі, таптаурындар, фрейм, белгілер* т.б. сияқты зерттеу бірліктері алынды. Бұл категориялар екі жақты сипатта қызмет етеді, біріншіден – лингвомәдениеттану ғылымының нысаны мен білім мазмұнын құрайды, екіншіден – лингвомәдениеттану саласындағы зерттеулерді жүргізу үшін басты ғылыми-әдістемелік құралдар болып табылады. Сол себепті мақаланың «Нәтижелер мен талқылаулар» бөлімінде осы іспетті категориялар сипатталатын болады; алынған зерттеу тұжырымдарымызды болашақ лингвист-педагогтер мен лингвист-зерттеушілерді кәсіби дайындау үдерісінде, атап айтсақ, лингвистикалық құзыреттіліктер моделін қалыптастыруда, болашақ тілшілердің (түлектердің) кәсіби моделін құрылымдауда, лингвистикалық білім беру траекториялары мен оқу бағдарламаларын құрастыруда, ғылыми жетекшілік етуде (дипломдық, магистрлік, докторлық немесе жалпы ғылыми жобаларға) басшылыққа алуға болады.

Зерттеу мақсатына орай теориялық тұжырымдар қалыптастыру үшін *шолу, сипаттау, талдау, сұрыптау, жүйелеу, топтастыру, талқылау, болжау, салыстыру, дәйектеу* сияқты жалпы ғылыми әдістер кеңінен қолданылды. Лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректерді зерделеу үшін лингвистикалық зерттеу әдістері қолданылды, олар – *типологиялық әдіс, семантикалық әдіс, лингвокогнитологиялық талдау және модельдеу әдісі*.

Лингвомәдениеттанудың басты міндеті және сипаттаушы белгісі – этнос мәдениетін оның тілі арқылы жүйелі бейнелеу болғандықтан, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика және когнитивтік лингвистика ғылымдарымен ұштасатын тұстарында оларға ортақ болып табылатын жүйелі немесе өрістік лингвистикалық талдау, лингвоконцептологиялық талдау, когнитивтік модельдеу, оппозициялық талдау әдіс-тәсілдері де қолданылады. Сонымен қатар, атап өтетін тұсы, лингвомәдениеттану ғылымы ассоциативтік зерттеулер әдістемесін негізге алып, эмпирикалық материалдарды талдау нәтижелерін өз теориясын дамытуға кеңінен қолданады.

Лингвомәдениеттану дербес ғылыми сала ретінде ТМД аумағында ХХ ғ. 1990-ншы жылдары қалыптаса бастады. Қазақстандық тіл ғылымында «лингвомәдениеттану» терминін кеңінен қолдану, осы атаумен байланысты лингвистикалық зерттеулер жүргізу 2010-ншы жылдардан көрініс тапты, мысалы, бұның айғағы ретінде К.А. Құсманова, А.Қ.Мәнкеева, А.О. Тымболова, Л.Ә. Ибраимова [1-3] сынды ғалымдардың зерттеулерімен танысуға болады. Терминнен байқалғандай, *лингвомәдениеттану – лингвистика және мәдениеттану* деген екі дербес ғылымның атауларының ұштасуынан құралған. Бұл тұста *лингвомәдениеттану (1) және лингвомәдени (2)* деген екі терминді ажыратамыз, *біріншісі* – ғылым атауы болса, *екіншісі* – осы ғылым саласындағы зерттеулерде қолданылатын деректерді, категорияларды, бірліктерді анықтап атайтын, оларды сипаттайтын терминдік мәндегі атау, мысалы, *лингвомәдени деректер, лингвомәдени бірліктер, лингвомәдени көрініс* деген сияқты мазмұнда (яғни *лингвомәдениеттану деректер* немесе *бірліктер* деп қолдануға болмайтынына меңзейміз, себебі терминологиялық ұғымдарды ауыстырып, алмастырып аламыз). Сонымен қатар, *лингвомәдениет* деген терминдік атау да осы ғылыми сала үшін маңызды, мысалы, *түркі лингвомәдениеті* дегенімізде «лингвомәдениет» тіл арқылы бейнеленетін ұлттық мәдени деректердің көрінісі. Дегенмен, атап өтетін мәлімет, «лингвомәдениеттану» немесе «лингвомәдени» деген терминдік атаулар қолданылмағанымен, қазақстандық зерттеулерде осы саламен ұштасатын ғылыми еңбектер жеткілікті болды. Лингвомәдени деректерді салыстырмалы-тарихи немесе салғастырмалы сипатта, лингвистиканың түрлі бағыттарында зерттеу «ұлттық-мәдени» сипатта, этнолингвистикалық мазмұнда жүзеге асырылды, мысалы, бұл тұста Ә.Т. Қайдаровтың, Ж.А. Манкееваның, З.К. Ахметжанованың, Ә.Д. Сулейменованың, Б.Х. Хасановтың, Г.Н. Смағұлованың т.б. ғалымдардың осы ғылыми саланың дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтуге болады.

Ресейлік ғалымдар Н.Ф. Алефиренко, С.Г. Воркачев, В.А. Маслова, В.В. Красных [5-8] және т.б. көрсетуінше, *лингвомәдениеттану* ресейлік тіл білімінде *антропологиялық лингвистиканың* тармағы ретінде бөлінді. Көріп отырғандай, қазақстандық тіл білімінде *лингвомәдениеттану этнолингвистикалық зерттеулерге* сүйенсе, яғни этнос (халық), ұлт, ұлттық болмыс сияқты деректерге, ал ресейлік тіл ғылымында – тілдің антропологиялық негіздеріне жүгінген. Ресейлік *лингвомәдениеттану* саласы қалыптасу барысында дербес ғылым, дербес оқу пәні, өзге ғылымдар жүйесіндегі орны, әдіснамалық негіздері мен зерттеу әдістемесі тұрғысынан назарға алынды. Соңдықтан 2000-ншы жылдардың бірінші онжылдығында жоғары оқу орындарының білім алушы филологтары үшін пән ретінде оқытыла бастады, яғни *лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктер* жалпы лингвистикалық білім мазмұны қатарында қамтылды.

Сонымен бірге, теориялық және эмпирикалық талдау көрсеткендей, отандық тіл ғылымында *лингвомәдениеттану саласын дербес ғылым ретінде қарастыруға* қатысты шешілмеген мәселелер аз емес, олардың қатарында – *лингвомәдени сипаттағы зерттеулердің әдістемесі, дербес пән ретіндегі ғылыми аппараты мен әдіснамалық негіздері,*

лексикографиялық сипатталуы, филологиялық бағытта білім алушылардың (бакалаврлар, магистранттар мен докторанттар) лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктерін қалыптастыру жүйесі (оқытудың педагогикалық моделі мен қағидаттары) т.б.

Лингвомәдениеттану ғылымының мазмұнын құрайтын *лингвомәдени білім* мен *лингвомәдени деректер* жоғарыда қарастырылған мәселелердің әрі қарай зерделенуіне үлес қосумен қатар, филологтарға, соның ішінде лингвист-зерттеушілер мен лингвист-педагогтерге заманауи білім беруде ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесін негізге алып, сол арқылы тілшілердің аксиологиялық білім-құзыреттіліктерін қалыптастырып, лингвистикалық зерттеулер мен лингвистикалық білімнің өзекті оқыту моделін дамытуда тұжырымдық сипаттағы рөл атқарады.

Нәтижелер мен талқылау

Осы күнге дейін қазақстандық зерттеулерде лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың категорияларын, метатілін жүйесіз сипаттау, терминдерін ауыстырып қолдану орын алады, біздің пайымдауымызша, ол үшін лингвомәдениеттанудың басты категорияларын талдап, олардың аражігін анықтап, болашақ филологтарды оқыту, лингвист-зерттеушілерді ғылыми-педагогикалық тәжірибеге дайындау және лингвомәдени сипаттағы зерттеулерді жүргізуде басшылыққа алу – жалпы ғылымның дамуы үшін, лингвистикалық саладағы зерттеушілік кәсібилік үшін де аса маңызды.

Ғылыми қағидат ретінде орын алатын интеграциялық немесе бірігу және дифференциациялық немесе бөліну (тармақталу) құбылыстары лингвомәдениеттануға қатысты қатар қолданылады деп айтуға болады. Интеграциялық сипаты оның лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының бірігуіне қатысты болса, дифференциациялық көрінісі, керісінше, ұлттық-мәдени деректердің терең мазмұнда дербес тармақталып зерделенуіне байланысты.

Жалпы *лингвомәдениеттану* саласы айналасында шетелдік және ресейлік ғалымдардың ортасында сыни көзқарастар мен келіспеушіліктер де орын алып келді. Мысалы, бұл туралы С.Г. Воркачевтің [6] зерттеулерін келтіруге болады. Автордың пікірінше, тіл тарихында белгілі Сепир-Уорфтың лингвистикалық қатыстылық болжамы мен лингвомәдениеттанудың ортақтығы тек қана олардың антропологиялық негізделу сипатында. Сонымен, бұлардың арасындағы ұқсастық антропологиялық сипатпен шектеледі; ал әрі қарай лингвомәдениеттану ғылымы тіларалық қарым-қатынаста туындайтын «кедергілерді» жою, оларды шешу жолдарының теориясын қалыптастыру және концептологиялық кеңістіктің семантикалық өрістерін (әсіресе шеткі, перифериялық өрістерін) зерделеу әдістемесімен айналысады.

Кіріспе бөлімде атап өткендей, лингвомәдениеттану ғылымы шетелдік және ресейлік тіл ғылымында тілді жалпы шет тілі, екінші тіл ретінде оқыту міндеттерімен байланыстырылады, бұл туралы, мысалы, келесі еңбектермен танысуға болады [9-11].

Қазақстандық лингвистикалық білім беру үдерісінде, біздің пікірімізше, лингвомәдениеттану ана тілін оқыту міндеттерімен ұштастырылып (лингвистикалық дидактика), педагогикалық міндеттерден жоғары тұратын, ұлттық идентификацияны қалыптастыру және арттыру мәселелерімен байланысты болуы тиіс.

Сонымен қатар бүгінгі лингвистикалық зерттеулер тәжірибесінде қолданылатын лексикографиялық еңбектер – түсіндірме немесе аударма сөздіктері лингвомәдени деректермен қамтылуын талап етеді. Лингвистикалық білім беру барысында мұндай деректердің аксиологиялық мәнімен қатар, ғылыми-әдістемелік, танымдық, елтану, этномәдени мәні де зор. Білім алушы немесе тілді үйренуші және тілді кәсіби түрде зерттеуші лингвомәдени деректер арқылы ұлттық тіл туралы лингвомәдени білімін қалыптастырады, оны үлгілейді, зерттеу мақсаттарында жүйеленген түрінде қолдана алады. Лексикографиялық еңбектер лингвомәдени деректерді қамтитын болса, тілдің құндылықты өрісі бейнеленіп, лингвистикалық зерттеулерде жүйеленген білім ретінде қолдануға мүмкін болар еді.

ТМД аймағындағы тіл ғылымында экстралингвистикалық деректерді көп зерттеген, еңбектері басшылыққа алынатын авторлардың бірі Н.Ф. Алефиренко [5] *тілдің құндылықты-мазмұндық кеңістігінің негізінде құндылықтар* деп аталатын ерекше мәдени категориялар орын алады деп тұжырымдайды.

Біздің пайымдауымызша, тілдің құндылықты-мазмұндық кеңістігі *әлеуметтік, тіршілік, саяси, моральдық, діни, эстетикалық* сияқты құндылықтар қалпында лингводидактиканың әдіснамалық негіздерінде де қамтылып, лингвистикалық білім беруде көзделуі тиіс.

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің деректерін байланыстырып қарастыратын, лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының білім мазмұнын ұштастырып зерделейтін сала ретінде көрініс табады. Лингвомәдениеттану саласында жүргізілетін зерттеулердің әдістемесі, лингвист-зерттеушілердің құзыреттіліктері және бұл ғылыми пәннің білім мазмұны жүйелі қалыптасуы үшін оның басты категориялары болып табылатын «мәдениет», «мәдени деректер», «мәдени таңбалар», «мәдени модельдер» т.с.с. терминдік және лингвомәдени мәнін анықтау басты мақсатымыз ретінде көзделді. Осы мақалада берілетін ғылыми негізделген тұжырымдарымыз болашақ филологтарды және лингвист-зерттеушілерді дайындау үдерісінде кеңінен қолданылып, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан басшылыққа алуға негіз болады. Тілдің лингвомәдени деректері шет тілін оқыту барысында мәдениаралық қарым-қатынасты толыққанды (елтану сипатында) жүзеге асыру мақсатында қолданылып келді, яғни шет тілін оқыту әдістемесі тұрғысынан өзекті болды, қазіргі таңда ана тілін оқыту барысында қолданылуы тиіс деп есептейміз, себебі лингвомәдени білім мазмұнында ұлт пен этнос үшін маңызды аксиологиялық қағидаттар мен ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесі қамтылады. Қоғамның трансформациялық даму кезеңінде мұндай білім мазмұны мен құзыреттіліктер лингвистикалық міндеттер шеңберінен кеңірек қаралып, ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Лингвомәдениеттану саласында білім беру міндеттері оның басты білім мазмұнын анықтайтын келесі өзекті мәселелерді басшылыққа алуы тиіс деп есептейміз:

- тіл мен мәдениеттің арақатысы, өзара байланысы;
- тіл мен этномәдениеттің лингвомәдениеттану саласы тұрғысынан анықталуы;
- тіл жүйесінің (деңгейлері, категориялары, бірліктері және заңдылықтары) этномәдени деректерді бейнелеудегі құралдары, олардың қолданылу сипаттары, лингвистикалық модельдеу амал-тәсілдері;
- «тіл – этнос – мәдениет – сана-сезім» төрттігінің лингвистикалық сәйкестендіру теориясы тұрғысынан сипатталуы;
- лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректердің қалыптасу жолдары мен заңдылықтары, қолданылу тәсілдері;
- лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктер жүйесі, өзге лингвистикалық құзыреттіліктер қатарындағы орны мен мәні;
- лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктерді қалыптастырып дамыту жолдары мен педагогикалық мүмкіндіктері.

Сонда, ана тілін оқыту әдістемесі де *елтану, ұлттану, этностану* сияқты мазмұндағы лингвомәдени білім-дағдыларды ескеріп, «әмбебап» (жаһандық) мәдениеттің жағымды-жағымсыз әсерлерінен өзгерген жаңа қоғамда *ұлттық идентификация* мәселесін назарға алуды өзектендіріп, *ұлттық қауіпсіздік, ұлттық бірегейлік, ұлттық сана-сезімді сақтап қалу* міндеттерімен ұштастырылуы тиіс деп тұжырымдаймыз. Демек, қазақстандық лингвомәдениеттану саласы үшін аталған міндеттер басты мәселеге айналуы тиіс; және осы тұсы өзге елдердегі лингвомәдениеттану ғылымының көздейтін мәселелерінен алшақтау, атап айтсақ, олардың басты назарында – этникалық және ұлттық лингвомәдениетін барынша тарату мен насихаттау, сол арқылы әлемдік кеңістікте жағымды этникалық мәртебесін бекітіп арттыру болса; біздің жағдайда, алдымен, қазақ лингвомәдениетін *ұлттық идентификация* мақсатында пайдалану, содан кейін өзге этникалық мәдениеттер жүйесінде тарату.

Осыған байланысты болашақ лингвист-педагогтер мен лингвист-зерттеушілерді кәсіби дайындау үдерісінде лингвомәдениеттану саласының ұлттық және мемлекеттік мүдделермен сабақтасатын міндеттері нақтыланып, институционалды сипатта жүзеге асырылуы маңызды деп ой түйеміз.

Ол үшін лингвомәдени білім мен лингвомәдени деректерді қалыптастыратын категориялар мен бірліктерді анықтау қажет. Сонымен, төмендегі *категориялар* мен *бірліктер* лингвомәдениеттанудың басты немесе іргелі компоненттері, нысандары болып табылады.

1. Лингвистикалық білім беруде басшылыққа алынатын *мәдени деректер* мазмұны мынадай:

- мәдениеттің *өлшемдері* мен *бағыттары* – болмыс (ішкі және сыртқы), таным, мінез-құлық;
- мәдениеттің *деректері* – құндылықтар, ережелер, таптаурындар;
- мәдениеттің *көрсеткіштері* – әдеттер, талғамдар, қалаулар;
- мәдениеттің *көріністері* – оқиғалар, эпизодтар, жағдайлар
- мәдениеттің *элементтері* – ескерткіштер, этнография (ұлттық киім, тұрмыстық заттар,), артефактілер.

Лингвистикалық білім беру мазмұны кәсіби әлеуметтендіру міндеттерін қалыптастыру шеңберінде *мәдениет туралы білімді* жоғарыда жүйеленген сипатта қамтуы тиіс; онсыз лингвистикалық білімнің аксиологиялық, ұлттық, ділдік негіздері меңгерілмей қалады.

2. Мәдениеттің *тілдегі көрінісі* (лингвомәдени деректерге айналуы) когнитивтік негізде құрылымдалып, *менталды модельдер* түрінде лингвистикалық құралдар арқылы бейнеленеді, атап көрсетсек: *фрейм, таптаурындар, категориялар, ұстанымдар, скриптілер, концептілер, прототиптер, тәжірибе* (менталды құрылым).

Тіл маманы аталған категорияларды лингвомәдениеттанудың басты зерттеу бірліктері ретінде ажыратуы тиіс. Тілді оқыту әдістемесінде, яғни лингвистикалық дидактикада бұл категорияларды тану, зерделеу бағыттары мен міндеттері білім беру деңгейіне қарай қалыптастырылуы маңызды (жоғарыда аталған дәйектемелер мен талқылауға орай). Лингвист-педагогтер мен лингвист-зерттеушілерді ұлттық тілге қатысты мәдени деректермен «қаруландырмайынша», олардың меңгерілетін кәсіби лингвистикалық білімі мен қалыптастырылатын кәсіби тілдік құзыреттіліктері де жүйесіз болып танылып, өз талаптарына сай жүргізіле алмайды.

3. Лингвомәдениеттанудың назарына келесі *құндылықтар* түрлері топтастырылады:

- *әлеуметтік* – мәртебе, отбасы, әлеуметтік жағдайы, кәсібі, гендерлік теңдестік т.б.
- *тіршілік* – өмір, денсаулық, өмір сапасы, табиғи орта т.б.
- *саяси* – сөз бостандығы, азаматтық бостандық, заңдылық, азаматтық орта т.б.
- *моральдық* – мейірімділік, махаббат, достық, парыз, намыс, адалдық т.б.
- *діни* – Жаратушы, сенім, діни наным т.б.
- *эстетикалық* – әдемілік, идеал, стиль, үйлесімдік т.б.

Жоғарыда аталған категориялардағы *құндылықтар* экстралингвистикалық деректер ретінде танылып, лингвомәдени талдауларда басшылыққа алынады.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарымызды түйіндейтін болсақ, болашақ тілші-мамандарға оқытылатын мәдениет туралы білім мазмұны келесі үш құрылымдық бөлік түрінде қалыптастырылады:

- 1) ұлттық мәдениеттің *нормалары* (ұлттық құндылықтар, болмыс, мінез-құлық т.б.);
- 2) ұлттық мәдениеттің *тәжірибелері* (ұлттық әдеттер, талғамдар, оқиғалар т.б.);
- 3) ұлттық мәдениеттің *таңбалары* (ұлттық киім, тұрмыстық заттар, ескерткіштер т.б.).

Адамның өзі *ұлттық тіл иесі* және *этнос өкілі* ретінде кез келген мәдени болмыс пен мәдени дүниелердің пайда болуының алғышарты болып табылатынын ескерсек, лингвомәдени білім (лингвомәдениеттану ғылымы да) антропологиялық негізге сүйенуден басқа, біздің пікірімізше, танымдық (когнитивтік), рухани және құндылықтар жүйесіне негізделіп қалыптасады; ал бұлар, әрине, мәдениеттің «қарамағындағы» категориялар.

Сонда лингвомәдени білім мен лингвомәдениеттану ғылымы антропологиялық, зияткерлік (танымдық сала) және мәдени негізге сүйенеді. Әрине, философиялық тұрғыдан алатын болсақ, түптеп келгенде, бұлардың «басын» біріктіретін адамның өзі. Сондықтан, ресейлік ғалымдардың лингвомәдениеттануды антропологиялық лингвистиканың бір тармағы деп қарастыруын осындай мазмұнда дәйектеуді жөн көрдік.

Сонымен қатар мәдениет этникалық қауымдастық үшін ортақ өмір сүру болмысы ретінде де көрініс табатынын мойындасақ, лингвистикалық білімнің құраушы мазмұнына айналуы тиіс деп ойлаймыз. Кәсіби лингвистикалық білім беруде, педагог немесе зерттеуші ретінде болсын, білім алушылардың кәсіби және тілдік тұлғасы үшін өз мәдениетін қабылдау мен ұғыну, ұлттық мәдениетіне өзге мәдениеттер тұрғысынан баға беру, ұлттық мәдениетін тілдік әлеует және педагогикалық мүмкіндіктер арқылы дамыту мен өндіру және осы үдерістердің басты (белсенді) субъектісіне айналу – болашақ лингвист-маманның маңызды міндеттерінің бірі. Сонда лингвистикалық білім беру жүйесіндегі лингвомәдениеттанудың орны мен рөлі де айқындала түседі; бұл ретте атап өтетін тұсы – педагогикалық міндеттерден гөрі, лингвомәдениеттанудың қалыптастыратын білім мазмұны әлде қайда үстем позицияда болады және маңызды педагогикалық қағидаттардың бірін – білім берудің аксиологиялық мақсатын да қамтып, өз бағытында жүзеге асырады. Ол үшін лингвомәдениеттанудың жоғарыда топтастырылып көрсетілген категориялары мен бірліктері жүйелі түрде оқытылуы тиіс.

Қорытынды

Бұл зерттеу келешекте өз міндеттерін кеңейтетін болады – болашақ филологтардың кәсіби лингвистикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылатын болады. Осы зерттеуде аталғандай (лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктерді қалыптастырып дамыту жолдары), жалпы лингвистикалық терминология мен кәсіби лингвистикалық құзыреттіліктерді дамыту жолдары құзыреттілік қағидатына бағытталған бүгінгі білім беру жүйесі үшін маңызы зор болады деп есептейміз. Тілдің лингвомәдени болмысын зерттеу – тіл жүйесі үшін құндылықты тұжырымдарды қалыптастырумен қатар, ХХІ ғ. орын алып отырған мәдени-әлеуметтік трансформациялық кезеңде ескерілуге тиіс ұлттық қауіпсіздік, ұлттық ділдің сақталуы сияқты мәселелердің лингвистикалық білім саласында қаралуына бағыттайды. Лингвистикалық білім мазмұны осы мәселелердің тиімді шешімдерін табуға негіз болуы тиіс, себебі ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуы мәдениет пен оның маңызды саласы – тілмен тығыз байланысты болып отыр.

Лингвомәдениеттану дербес ғылым ретінде танылып, оқу пәні ретінде білім беру үдерісіне енгізілуі қажет (ана тілін және шет тілдерді оқыту жүйесіне). Ана тілін лингвомәдени білімсіз меңгерту – лингвистикалық білімді оның болмысынан немесе іргетасынан оқшаулаумен тең, себебі ұлттық-мәдени ақиқат деректерінен айырады; ондай лингводидактика да аксиологиялық қағидаттарға сүйене алмайды.

Қорыта келгенде, қазақстандық еңбектерге (лингвомәдениеттану бағытындағы) теориялық және эмпирикалық талдау жүргізу нәтижесінде, лингвомәдениеттану саласын дербес ғылым ретінде қарастыруға қатысты шешілмеген мәселелер қатарында – лингвомәдени деректерді идентификациялау және анықтау сипатындағы зерттеу әдістемесі, оқу пәні ретіндегі ғылыми негіздері, жүйеленген ғылыми аппараты мен әдіснамалық негіздері, лексикографиялық зерделенуі, филологиялық бағытта білім алушылардың лингвомәдениеттану саласындағы құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеттері, лингводидактикамен ұштасатын талап-міндеттері.

Авторлардың қосқан үлесі. А.К.Бакытжанова – мақаланың жоспарын құру, деректер жинау және зерттеу қорытындыларын талдау. С.Ж.Жанжигитов – теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Құсманова К.А. Айтыс өлеңдерінің лингвомәдениеттанымдық сипаты: мәдени кеңістіктегі ұлттық-мәдени стереотип: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010. – 260 б.
2. Мәнкеева А.Қ. Адамдардың жас ерекшелігіне байланысты «қоңыр» түсінің ассоциациялануының лингвомәдени ерекшелігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №5 (157). – 2015. – 273-277.
3. Тымболова А.О., Ибраимова Л.Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Қыздар университеті, 2017. – 192 б.
4. Мурзинова А. С. Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты: филос. ғыл. докт. (PhD) дисс. – Алматы, 2021. – 257 с.
5. Алефиренко Н. Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. – М.: Флинта, 2020. – 288 с.
6. Воркачев С.Г. Лингвокультурная концептология и ее терминосистема // Политическая лингвистика. – № 3 (49). – 2014. – С. 14-20.
7. Маслова В.А. Лингвокультурология: уч. пособие. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
8. Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М.: Гнозис, 2002. – 284 с.
9. Арынбаева Р.А., Маханова Ж.К., Дмитрюк Н.В. Формирование лингвокультурологической компетенции казахстанских учащихся русскому языку как неродному // Русистика, 2023. – Т. 21. – № 3. – С. 341-355.
10. Абдрахман Г.К., Исабекова Г.Б. Лингвокультурология: организация «сквозных тем» обучения // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы, 2019. – № 3 (79). – С. 149-154 б.
11. Башурина Д.И. Формирование лингвокультурологической компетенции иностранных студентов-филологов при обучении русским поговорками: автореф. дис. канд. пед. наук. – СПб., 2005. – 22 с.

А.К. Бакытжанова*¹, С.Ж. Жанжигитов²

¹Академия государственного управления при Президенте РК, Астана, Казахстан

²Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан

Применение лингвокультурных знаний и материалов в лингвистических исследованиях и подготовке филологов

Аннотация. Статья посвящена изучению важных принципов и задач, учитываемых при проведении лингвистических исследований лингвокультурных знаний и лингвокультурных фактов в процессе профессионального обучения будущих филологов (лингвистов-педагогов и лингвистов-исследователей), необходимости формирования основных тезисов о важнейших категориях лингвокультурологии как лингвокультурных знаниях. Теоретические положения статьи важны для современной сферы профессионального и лингвистического образования, так как ориентируют на подготовку будущих языковедов (педагогов и исследователей) в контексте познавательно-аксиологического образования.

Основная цель статьи – исследование категорий лингвокультурологии в контексте изучения аксиологической сущности и принципов применения лингвокультурных знаний и лингвокультурных фактов в процессе профессиональной подготовки будущих филологов (языковедов) к педагогической деятельности и проведению лингвистических исследований. Для этого были выдвинуты следующие исследовательские задачи: научное уточнение понятия «лингвокультурология»; анализ, описание и оценка основных концепций, принципов лингвокультурологии; формирование выводов о лингвокультурных знаниях и лингвокультурных фактах; классификация основных категорий и единиц, относящихся к проблеме языка и культуры, проведение типологического анализа; определение связи педагогических и лингводидактических задач, которыми необходимо руководствоваться в профессиональной лингвистической подготовке будущих филологов (языковедов); определение ценности и сущности лингвокультурных знаний; описание содержания лингвокультурных компетенций будущих филологов, необходимых для формирования в процессе их обучения.

Для реализации исследовательских задач использовались следующие методы – для формирования теоретических выводов широко использовались общенаучные методы, такие, как обзор, описание, анализ, классификация, систематизация, типизирование, обсуждение, прогнозирование, сравнение, аргументация. Для изучения лингвокультурных знаний и лингвокультурных фактов использовались методы лингвистического исследования – типологический метод, семантический метод, лингвокогнитологический анализ, моделирование.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвистические знания, лингвистическое исследование, язык и культура, преподавание языка.

A.K. Bakytzhanova*¹, S.Zh. Zhanzhigitov²

¹*Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan*

²*A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*

Application of linguocultural knowledge and materials in linguistic research and training of philologists

Abstract. The article is devoted to the study of important principles and tasks taken into account when conducting linguistic studies of linguocultural knowledge and linguocultural facts in the process of professional training of future philologists (linguists-pedagogues and linguists-researchers), the need to form the main theses about the most important categories of linguocultural studies as linguocultural knowledge. The conclusions of the article are important for the modern sphere of professional and linguistic education, as they focus on the training of future linguists (teachers and researchers) in the context of cognitive-axiological education.

The main purpose of the article is to study the categories of linguoculturology in the context of studying the axiological essence and principles of the application of linguocultural knowledge and linguocultural facts in the process of professional training of future philologists (linguists) for pedagogical activities and linguistic research. For this purpose, the following research tasks were put forward: scientific clarification of the concept of «linguoculturology»; analysis, description and evaluation of the basic concepts and principles of linguoculturology; formation of conclusions about linguocultural knowledge and linguocultural facts; classification of the main categories and units related to the problem of language and culture, typological analysis; determination of the connection between pedagogical and linguodidactic tasks, which should be guided in the professional linguistic training of future philologists (linguists); determination of the value and essence of linguocultural knowledge; description of the content of linguocultural competencies of future philologists necessary for the formation of their training in the process of their education.

For the implementation of research tasks, the following methods were used: general scientific methods such as review, description, analysis, classification, systematization, typification, discussion, forecasting, comparison, and argumentation were widely used to form theoretical conclusions. To study linguocultural knowledge and linguocultural facts, the methods of linguistic research were used: typological method, semantic method, linguocognitological analysis, modeling

Keywords: linguoculturology, linguistic knowledge, linguistic research, language and culture, language teaching.

References

1. Kusmanova K.A. Aitys olenderining lingvomadeniettanyndyk sipaty: madeni kenistiktegi ulttyk-madeni stereotip [The linguistic and cultural characteristics of Aitys poems: National-cultural stereotype in cultural space] (Almaty, 2010, 260 p.).
2. Mankeeva A.K. Adamdardying jas erekshelekiine bailanysty «konyr» tusining assotsiatsiyalanuynyng lingvomadeni erekshelegi [The linguistic and cultural peculiarity of the «brown» color association related to people's age] (Terminologialyk habarshy, 2015, № 5 (157), 273-277 b.).
3. Tymbolova A.O., Ibraimova L.A. Lingvomadeniettanu negizderi [Fundamentals of linguistic and cultural studies] (Kyzdar universiteti, Almaty, 2017, 192 p.).
4. Murzinova A.S. Ulttyk-madeni stereotipterding ereksheleği men kommunikativtik sipaty [The peculiarity and communicative aspect of national-cultural stereotypes] (Almaty, 2021, 257 b.).

5. Alefirenko N.F. Lingvokul'turologiya. Tsennostno-smyslovoe prostranstvo yazyka [Lingvo-culturology. The value-semantic space of language] (Flinta, Moskva, 2020, 288 s.).
6. Vorkachev S.G. Lingvokul'turnaya konceptologiya i ee terminosistema [Lingvo-cultural conceptology and its terminology system] (Terminologialyk habarshy, 2014, № 3 (49), 14-20 b.).
7. Maslova V.A. Lingvokul'turologiya [Lingvo-culturology] (Akademiya, Moskva, 2001, 208 s.).
8. Krasnyh V.V. Etnopsiholingvistika i lingvokul'turologiya [Ethnopsycholinguistics and lingvo-culturology] (Gnozis, Moskva, 2002, 284 s.).
9. Arynbaeva R.A., Mahanova Zh.K., Dmitryuk N.V. Formirovanie lingvokul'turologicheskoy kompetentsii kazhstanskikh uchashchihsya russkomu yazyku kak nerodnomu [Formation of the linguistic and cultural competence of Kazakhstan students to Russian as a non-native language] (Terminologialyk habarshy, 2023, № 3, 341–355 s.).
10. Abdrahman G.K., Isabekova G.B. Lingvokul'turologiya: organizatsiya "skvoznyh tem" obucheniya [Lingvo-culturology: The organization of "throughout themes" in education] (Terminologialyk habarshy, 2019, № 3 (79), 149-154 s.).
11. Bashurina D.I. Formirovanie lingvokul'turologicheskoy kompetentsii inostrannyh studentov-filologov pri obuchenii russkim paremiyam [Formation of the linguistic and cultural competence of foreign philology students in the study of Russian proverbs] (SPb, 2005, 22 s.).

Авторлар туралы мәлімет:

Бакытжанова А.К. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалы, Алматы, Қазақстан.

Жанжигитов С.Ж. – PhD, аға оқытушы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Бакытжанова А.К. – автор корреспонденции, кандидат филологических наук, филиал Академии государственного управления при Президенте РК по городу Алматы, Алматы, Казахстан.

Жанжигитов С.Ж. – PhD, старший преподаватель, Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан.

Bakytzhanova A.K. – Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Almaty, Almaty, Kazakhstan.

Zhanzhigitov S.Zh. – PhD, Senior lecturer, A. Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).